

## Стратегиялық объектіні иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 маусымдағы N 961 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына "ҚазТеңізКөлікФлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" акционерлік қоғамының акциялары пакетінің 50 %-ына айырбастау үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының пайдасына "Атырау халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамы акциялары пакетінің 100 %-ын иеліктен шығару жөнінде мәміле ж а с а с у ғ а р ұ қ с а т е т і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*